

**Студенттік ұйымдардың іс-
әрекетіне рухани-адамгершілік
білім беру бағдарламасын
интеграциялау**

Әдістемелік ұсынымды құрастырудың мақсаты – еліміздегі студенттік ұйымдардағы жас азаматтардың рухани-адамгершілік білімінің жоғары деңгейіне жету барысында бірыңғай тұғырды қалыптастыру.



Берілген ұсынымда келтірілген қағидалар төмендегі құжаттарға сәйкес әзірленген:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы (өзгерістер және толықтырулар енгізілгеннен бастап 19.04.2019ж., 1 тарау, 1-бап, 49-3 тармақ);
- 2.«Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы

Кәсіби білім беру адамзат іс-әрекетінің стратегиялық маңызды сфераларының бірі бола отырып, бірқатар қарама-қайшылықтарды шешуге қабілетті

Өмір салтының жақындастыруға, біріздендіруге және стандарттауға байланысты қазіргі заманғы тенденциялары мен әрбір адамның бірегейлігін, оның өзіндік мәдениетін, ұлттық дәстүрлерін, тамырларын жоғалту қаупі арасындағы

Өмірлік табыстарға жетуде адамдар арасындағы бақталастықтың, бәсекелестіктің күшеюі және қоғамның әділеттілік пен әлеуметтік теңдік нормаларын сақтауға деген ұмтылысы арасындағы

Ақпарат көлемінің үнемі артуы мен оны жекеленген адамның меңгеру мүмкіндіктері арасындағы

Маман моделін құрудағы құзыреттілік тұғыр мынадай талаптардың жиынтығын анықтауға мүмкіндік береді

- ✓ Қазіргі заманғы маман өзіне жауапкершілік ала білуі қажет;
- ✓ Қоғамның демократиялық институттарын дамытуға қатысуы керек;
- ✓ Рухани-адамгершілік тереңдікті және жалпыадамзаттық құндылық әлеуетті ашуы керек;
- ✓ Кикілжіңді жағдаяттарды реттеу, келісілген шешімдерді бірлесіп қабылдауы керек;
- ✓ Түрлі мәдениеттегі, діндегі, тілдердегі және ұлттық дәстүрлердегі айырмашылықтарды түсінуге және қабылдауға дайын болуы керек;
- ✓ Басқарушылық әрекеттер мен технологиялар дағдыларын тұрақты жетілдіруі керек;
- ✓ Кәсіби даярлығын жетілдіріп, өзіндік тұлғасын және адамзаттық сапаларын дамытып, өмір бойы оқуға деген тілегі болуы керек.

Білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын тәрбие

- білім алушылардың жалпыадамзаттық және отандық құндылықтар негізінде руханилығын дамыту үшін жағдай жасауға;
- олардың өмірлік өзін-өзі анықтауына, адамгершілік, азаматтық және кәсіби қалыптасуына көмек беруге;
- тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына бағдарланған мақсатты бағытталған іс-әрекет ретінде қарастырылады.

Тәрбие білім берудегі бірінші кезектегі басымдылық ретінде, болашақ мамандарды оқыту мен дамытудың ортақ үдерісіне интеграцияланған, педагогикалық іс-әрекеттің үйлесімді құрамдасы болуы қажет.

Университеттің тәрбие іс-әрекетінің әдіснамалық негіздемесі

Адам мен әлемнің үйлесімді жүйесін қамтамасыз ететін, үйлесімді әлемнің әмбебап моделін, оның жаратылыстану-ғылыми және гуманитарлық құрамдастарының үйлесімді бірлігін құру негізінде білім беруді фундаментализациялау

Қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы өзгерістердің жоғары динамизмінде көрінетін және басымдылықтар мен мәдени құндылықтардың алмасуына әкелетін, білім беруді ақпараттандыру үдерістерін жетілдіруге және жаңа ақпараттық технологияларды ендіруге әкелетін жаһандану

Тәрбие іс-әрекетін жоғары оқу орнының тәрбие саясатын жүзеге асыру құралы ретінде қарастыратын тәрбиенің жүйелі тұтастығы.

Студенттермен тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

- студенттердің таңдаған кәсібінің беделі туралы түсініктерін тәрбиелеуге бағытталған студенттік кезеңнің, университеттің үздік дәстүрлерін біртұтас, жан-жақты дамыту және сақтау;
- оқу еңбегіне, еңбек ету қажеттілігіне және біліктеріне деген саналы қатынас;
- студенттердің өзін-өзі жүзеге асыруы, өзін-өзі дамытуы және өзіндік әрекет етуі үшін жағдайлар құру;
- студенттердің азаматтық қалыптасуы және патриоттық санасын қалыптастыру, тұлғааралық және ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылықты, ұжымда жұмыс ітсеу біліктерін, салауатты өмір сүру салтындағы қажеттіліктер мен дағдыларды қалыптастыру үшін жағдайлар құру;
- студенттің өзін-өзі басқару органдарының жауапкершілігін және олардың үздіксіз тәрбие үдерісіне қосатын шынайы үлесінің деңгейін арттыру.

Студенттік ұйымдардың іс-әрекетіне рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау үдерісінде басшылыққа алуды қажет ететін педагогикалық принциптер

Жалпыадамзаттық
құндылықтар принципі

Оқыту үдерісінде тұлғаның
өзін-өзі дамыту және
анықтау принципі

Бірлік принципі

Тұлғаның шабыттандырылған
ғылыми-зерттеу
шығармашылығы принципі

Әлеуметтік белсенділік
немесе қоғамға қызмет ету
принципі


Позитивтілік
принципі

Мәдениетке сәйкестілік
принципі

Ұлттық мұра принципі

Табиғатқа сәйкестілік
принципі

Тәрбие іс-әрекетінің негізгі шарттары мен механизмдері



Студенттерді тәрбиелеуде профессорлар-оқытушылар мен студенттік ұжымдардың ынтымақтастығы негізгі рөл атқарады

Болашақ мамандардың кәсіби және интеллектуалдық құзыреттілігін қалыптастыратын, жастарды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулитын кафедра оқу, ғылыми және тәрбие үдерістерінің мазмұны мен бірлігін айқындайтын маңызды буын болып табылады. Кафедра мүшелері студенттерге кәсіби этика нормаларын, болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің нәтижелері үшін азаматтық жауапкершілікті үйретеді.

Тәрбие үдерісінде студенттердің қазіргі заманғы философиялық, гуманитарлық, әлеуметтік-ғылыми білімдерін қамтамасыз ететін жалпыуниверситеттік кафедралар ерекше орын алады.

Деканат факультеттегі студенттердің тәрбие жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады және оның мазмұнын, ұйымдастырылуы және нәтижелері үшін жауапкершілікті алады.

Барлық бөлімшелердің күш-жігерін үйлестіруде шешуші рөлді тәрбие іс-әрекетін жоспарлау және іске асыру атқарады, оның қызметін студенттермен жұмыс Басқармасы және университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры жүзеге асырады

Студенттік өзін-өзі басқару жоғары оқу орнындағы студенттік өмірді басқаруға студенттердің қатысуының ерекше формасы болып табылады

Студенттік өзін-өзі басқару келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- студенттермен қарым-қатынастың демократиялық әдістерін дамыту, студенттердің оқу және ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне ынтымақтастық және даму принциптерінің әсерін бекіту;
- жоғары оқу орнындағы құрылымдардың іс-әрекетіндегі өзін-өзі басқарушы бастауларды кеңейту, студенттердің оқу-тәрбие стратегиясын қалыптастыруға қатысудан шеттетілуін жою;
- студенттерді университеттің ішкі тәртібінің заңдарына, адамгершілік нормаларына және ережелеріне құрметін тәрбиелеу;
- университеттік және факультеттік дәстүрлерді сақтау және қолдау;

- білім беру үдерісін ұйымдастыруда және жетілдіруде әкімшілікпен, профессор-оқытушылар құрамымен ынтымақтастықта болу;
- оқу және еңбек тәртібінде бақылау жүйесін ұйымдастыру, мадақтау шаралары жүйесін дер кезінде қолдану, сонымен бірге тәртіп бұзушыларға қоғамдық және тәртіптік әсер ету шараларын қолдану;
- студенттердің өзіндік жұмысының тиімді формаларын іздеу және ұйымдастыру;
- студенттердің бос уақытын ұйымдастыру, студенттік ұжымның әрбір мүшесінің тұлғасын жан-жақты дамытуға ықпал ету.

Студенттік кеңестің міндеттері

- университет өмірінің әртүрлі салаларында студенттік бастамаларды қолдау және дамыту;
- студенттердің ғылыми шығармашылығын ынталандыру;
- студенттік активті, белсенділерді оқыту;
- студенттік өмірдің мәселелерін шешуге қатысу.

Университеттің студенттік кеңесі университетте білім алатын барлық студенттердің мүдделерін білдіреді.

**Университеттің тәрбие іс-әрекетін басқару
жүйесінің құрылымдары**

Университеттің Ғылыми кеңесі	Университет ректораты	Студенттермен тәрбие және әлеуметтік жұмыс бөлімі
Факультет	Кафедра	Эдвайзер

Студенттермен өзара әрекеттесу тәсілдері

<p>Психологиялық-педагогикалық қолдау. Студенттерді тәрбиелеуде және кураторлар институтының жұмысын белсендіруде профессор-оқытушылар құрамының қатысуында; студенттік бірлестік-қауымдастықтардың жобалары мен мақсатты бағдарламаларын дайындауға әдістемелік басшылық жасауда көрініс табады.</p>	<p>Ақпараттық қолдау. Интернетке кең қолжетімділікті қамтамасыз етуден, студенттердің қоғамдық-маңызды іс-әрекетін қолдайтын сайттарды ұйымдастырудан, жастардың БАҚ-мен өзара әрекеттестігінен, университетішілік БАҚ-ын ұйымдастырудан, тәрбие мәселелері бойынша баспа қызметінен және т.б. құралады.</p>	<p>Ғылыми-әдістемелік қолдау. Ғылыми-әдістемелік жобаларды құруда, университеттің тәрбие функциясын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, студенттер мен оқытушыларға арналған оқытушы бағдарламаларды және т.б. өткізуде көрініс табады.</p>	<p>Ұйымдастырушылық-басқарушы қолдау тәрбиелік әсерлерді арттыруға жалпы ұмтылыстар нақты соңғы нәтижеге бағдарланған. Ол жұмыстың жағымды, оң тәжірибесін тұрақты зерттеуді, жалпылауды, таратуды қамтиды, сонымен бірге, кафедраларда, факультеттерде, бөлімшелерде тәрбие жұмысын оңтайлы жоспарлауды қамтиды.</p>
--	---	--	--

Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын студенттік ұйымдардың іс-әрекетіне тиімді интеграциялау мақсатында төмендегі ұсыныстар беріледі

- студенттердің бойында тұлғалық рухани-адамгершілік сапаларын дамыту үшін вариативті бөліктің және студенттердің таңдауы бойынша оқу пәндерінің жиынтығын қалыптастыру бойынша жоғары білім берудің жаңа мемлекеттік білім беру стандарттарының мүмкіндігін белсенді қолдану;
- ЖОО оқу-тәрбие жұмысы субъектілерінің назарын әлеуметтік тәрбиенің негізгі түріне - рухани-адамгершілік тәрбиеге аудару. Ол адамның рухани әлемін, оның дүниетанымын қалыптастырудың басым міндетін шешіп қана қоймайды, сонымен қатар азаматтық, патриоттық, құқықтық, эстетикалық тәрбиенің басқа түрлерінің міндеттерін шешеді;
- ЖОО-ның оқу-тәрбие іс-әрекетінде студенттік өзін-өзі басқару жүйесін белсендіру және жастар парламентаризмі технологияларын ендіру; көшбасшылардың теориялық және практикалық даярлығы тәжірибесін белсенді қолдану, сондай-ақ студенттік өзін-өзі басқару аясында көшбасшылықты дамыту әдістемесін жүзеге асыру.

**Назарларыңызға
рахмет!**

